

Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына арнайы экономикалық аймақтар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 31 шілдедегі № 872 Жарлығы.

Қазақстан Республикасының
Президенті мен Үкіметі актілерінің
жинағында жариялануға тиіс

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) алып тасталды - ҚР Президентінің 05.05.2018 № 681 Жарлығымен;

2) алып тасталды - ҚР Президентінің 05.05.2018 № 681 Жарлығымен;

3) "Сарыарқа" арнайы экономикалық аймағын құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 24 қарашадағы № 181 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2012 ж., № 2, 17-құжат):

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген "Сарыарқа" арнайы экономикалық аймағы туралы ережеде:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. АЭА аумағындағы қызметтің басым түрлері:

1) металлургия өнеркәсібі;

2) машиналар мен жабдықтардан басқа, дайын металл бұйымдары өндірісі;

3) авиациялық, автомобиль және мотоцикл қозғалтқыштарынан басқа, қозғалтқыштар мен турбиналар өндірісі;

4) автокөлік құралдары, трейлерлер мен жартылай тіркемелер өндірісі;

5) компьютерлер, электрондық және оптикалық бұйымдар өндірісі;

6) электр жабдықтары өндірісі;

7) химия өнеркәсібі өнімдері өндірісі;

8) резенке мен пластмасса бұйымдары өндірісі;

9) құрылыс материалдары мен металл емес минералдық өнімдер өндірісі;

10) гидравликалық жабдықтар өндірісі;

11) өзге сорғылар, компрессорлар, тығындар мен қақпақшалар өндірісі;

12) өзге де шүмектер мен бұрандалар өндірісі;

13) подшипниктер, тегершіктер мен тісті берілістердің элементтері мен жетектер өндірісі;

14) плиталар, пештер мен пеш оттықтары өндірісі;

- 15) көтеру және тасымалдау жабдықтары өндірісі;
- 16) қол электр құралдары өндірісі;
- 17) өнеркәсіптік тоңазыту мен желдету жабдықтары өндірісі;
- 18) сұйық минералдарға арналған тазалау аппараттары өндірісі;
- 19) сұйық минералдарды немесе ұнтақтарды өндіруге, диспергациялауға немесе тозандатуға арналған жабдықтар өндірісі;
- 20) мұнайды тазалауға, химия өнеркәсібіне, сусындарды өндіру жөніндегі индустрияға арналған тазалау жабдықтары өндірісі;
- 21) центрифугаларды (қаймақайырғыштар мен кептіру аппараттарынан басқа) өндірісі;
- 22) судың кері циркуляциясы арқылы тікелей суытуға арналған сумен суыту бағандары өндірісі;
- 23) ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығы техникасы өндірісі;
- 24) металдарды қысыммен өңдеуге арналған жабдықтар өндірісі;
- 25) өзге де металл өңдейтін станоктар өндірісі;
- 26) металлургияға арналған машиналар мен жабдықтар өндірісі;
- 27) тау-кен өндіру өнеркәсібіне, жерасты жұмыстарына және құрылысқа арналған техникалар өндірісі;
- 28) тамақ өнімдерін, сусындарды және темекі бұйымдарын өндіруге және қайта өңдеуге арналған жабдықтар өндірісі;
- 29) тоқыма, тігін, үлбір мен тері бұйымдарын дайындауға арналған жабдықтар өндірісі;
- 30) қағаз бен қатырма қағаз дайындауға арналған техникалар өндірісі;
- 31) резеңкені, пластмасса мен басқа да полимер материалдарды қайта өңдеуге арналған жабдықтар өндірісі болып табылады."

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 05.05.2018 № 681 Жарлығымен.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Н.Назарбаев